«Бекітемін»
Мектеп директоры:
____________Каймульдина Б.Б.
«_19_» «_09_» 2023

**«Ақмола облысы білім басқармасы, Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі**
**Елікті ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің**
**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша**
**2023-2024 оқу жылына арналған**

# ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігіннығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесінеқызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшінқызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениеттідәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл жәненамысшыл
- Мемлекеттік рәміздердіқадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

***Жасөспірімнің тәрбиесі*** *(11-15 жас)*

*Ұсынылады:*

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

***Жастар тәрбиесі (15-18 жас)***

*Ұсынылады:*

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

**Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері** «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

**Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері** білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

***Жасөспірімнің тәрбиесі*** *(11-15 жас)*

*Ұсынылады:*

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

***Жастар тәрбиесі (15-18 жас)***

*Ұсынылады:*

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

## ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

| № | Іс-шараның атауы | Аяқталу түрі | Жауаптылар | Өтілу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | |
| 1 | 1 қыркүйек Білім күні **«Мектеп – мейірім мекені».** | Салтанатты жиын әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО Аменова А.К. 1,10 сыныптардың сынып жетекшілері | 01.09.2023. |
| 2 | Алғашқы Білім күніне арналған сынып сағаты «Мектебім-мейірім мекені» | Сынып сағаттарының әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау | 1-9,10 сыныптардың жетекшілері | 01.09.2023. |
| 3 | Балалардың қызығушылықтарына сәйкес үйірмелер мен секциялар жұмыстарын ұйымдастыру. | Үйірме, секциялар құжаттары | Жетекшілер | |
| 4 | Мектептегі ата-аналарды педагогикалық психологиялық қолдау бағдарламасымен таныстыру | Хаттама | АПҚК тобы | Кесте бойынша |
| 5 | «Даналық мектебі» жұмысын ұйымдастыру және жүзеге асыру.<br><br>«Даналық мектебі» құрамымен алғашқы кездесу | Анықтама | Мектеп әкімшілігі ААПҚ тобы | Кесте бойынша |
| 6 | Тілдер онкүндігін ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша) | Іс-шаралар жоспары, әзірлемелер<br><br>Әлеуметтік желіге жариялау | Тіл мұғалімдері | Кесте бойынша |
| 7 | Отбасы күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша) | Іс-шаралар жоспары, әзірлемелер | Жауапты мұғалімдер | Кесте бойынша |

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

## ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

| № | Іс-шараның атауы | Аяқталу түрі | Жауаптылар | Өтілу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | |
| 1 | «Бір отбасы – бір кітап» отбасылық оқылым<br>«Оқуға құштар мектеп» жобасы | Фото, видео<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп кітапханашысы<br>Шаяхметова Г.А. | І апта |
| 2 | «Қазақтың ұлттық ойындары» ақпараттық бейнеролик<br><br>«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы | Әлеуметтік желіге жариялау | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері<br>Мухатов А.Е. | І апта |
| 3 | 25 қазан Республика күнін ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша | Әзірлемелер<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жауапты мұғалімдер | 16-25.10 аралығында |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»<br>1-9,10 сыныптар | Сынып сағаты<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетешілер | Сынып жетекшілердің кестесі бойынша |
| 4 | «Оқуға құштар мектеп» жобасын жалғастыру, іске асыру | Жылдық жоспар | Мектеп кітапханашысы Шаяхметова Г.А. | Жыл бойы |
| 5 | «Ата-аналарды педагогикалық қолдау»<br>Алғашқы кездесу<br><br>Барлық ата-аналар | Іс-шара әзірлемесі.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | ААПҚ тобы | 25-29.09 аралығында |
| 6 | «Электрондық темекінің зияны» сынып сағаты<br>7-9,10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 7 | Құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары.<br>«Зорлық зомбылықсыз өмір» (буллинг, кибербуллинг) | Сынып сағатының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 8 | Терроризм мен экстремизмнің алдын-алу оқу-жаттығулары<br><br>Барлық мектеп ұжымы | Ережелер, нұсқаулықтар<br>Әлеуметтік желіге жариялау | АӘТД пәнінің мұғалімі Байшураев С.Р. | 08.09.2023.<br>22.09.2023. |
| 9 | 1,5 сыныптардың бейімделуін зерттеу | Анықтама | Мектеп психологы Шаяхметова Б.С. | Ай бойы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | «Тоғыз айға- 9 іс-шара» Әнұран айту челленджі.<br>Барлық мектеп ұжымы | Видео есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО Аменова А.К. | 23.10.2023. |
| 5 | «Спандияр Көбеев шығармашылығы» тақырыптық көрме<br>(Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл)<br>«Оқуға құштар мектеп» жобасы | Көрме<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп кітапханашысы<br>Шаяхметова Г.А. | ІІ апта |
| 6 | «Мен жастарға сенемін» Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығынан мәнерлеп оқу байқауы<br>Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл)<br><br>5-7 сыныптар<br>8-9,10 сыныптар | Фото, видео<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімдері<br>Слам Толхын | ІІ апта |
| 7 | «Шәкәрім – ұлы тұлға» әдеби шығармашылық кеш<br>(Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл)<br>3-4 сыныптар<br>5-7 сыныптар<br>8-9,10 сыныптар | Әлеуметтік желіге жариялау | Бастауыш сынып мұғалімдері<br><br>Қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімдері | ІІІ апта |
| 8 | С.Торайғыров – реалист ақын» (Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл) тақырыптық бейне ақпарат | Видео<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімдері<br>Сынып жетекшілер | ІІІ апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Әлеуметтік желіге жариялау | | |
| 8 | «Қожа Ахмет Яссауидің хәл хикмет ілімі»<br>Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл<br>(«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)<br>8-9,10 сыныптар | Іс-шара әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жоба жетекшісі<br>Тіл мұғалімдері | 12.09.2023. |
| 9 | Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл. Сыныптан тыс шара.<br>5-9,10 сыныптар<br><br>«Оқуға құштар мектеп» жобасы | Әзірлеме<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп кітапханашысы<br>Шаяхметова Г.А. | ІІІ апта |
| 10 | «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойынынан жарыс ұйымдастыру<br><br>«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы<br>Ерікті қатысушылар | Әлеуметтік желіге жариялау | Жоба жетекшілері | ІІІ апта |
| 11 | Ақындар айтысы. (жеке жоспар бойынша) | Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО Аменова А.<br>Аға тәлімгер<br>Сатубаева А.У.<br>Қазақ тілі әдібиеті, тарих пәнінің мұғалімдері<br>Сынып жетекшілер | Ай бойы |
| 11 | «Болашақ жастардың қолында» дөңгелек үстел.<br>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы<br>9,11 сыныптар | Іс-шара әзірлемесі.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жоба жетекшілері | ІY апта |
| 12 | «Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау қаншалықты дұрыс?» әңгіме пікір-талас<br><br>«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы<br>7-9,10 сыныптар | Іс-шара әзірлемесі.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жоба жетекшілері | ІY апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **АР- ҰЯТ** | | | |
| 1 | Мектепішілік ережелерді таныстыру.<br>Оқушыларды, барлық мектеп ұжымын өмір қауіпсіздік ережелермен таныстыру, нұсқаулық жүргізу | Ережелер мен жадынамалар, нұсқаулықтар | Мектеп әкімшілігі | І апта |
| 2 | Сынып паспортын жасау | Паспорт | Сынып жетекшілер | І апта |
| 3 | «Абайлаңыз балалар» оқушылардың жолда жүру қауіпсіздігін сақтау (жеке жоспар бойынша) | Іс-шара әзірлемелері Әлеуметтік желіге жариялау | «Жас жол сақшысы» ұйымының жетекшісі Мималымов С.К. | ІІ апта |
| 4 | «Еңбек күні» мерекесін өткізу | Видео, фото жариялау | Сынып жетекшілер | Кесте бойынша |
| 5 | «Ұшқын» өзін-өзі басқару ұйымының «Жас Ұлан», «Жас қыран» ұйымының белсенділері, мектеп президентінің «Адал ұрпақ», «Парасат» пікір-талас клуб мүшелерінің отырысы | Отырыс хаттамасы Әлеуметтік желіге жариялау | Аға тәлімгер Сатубаева А.У. | ІІІ апта |
| 6 | №1 «Қамқоршылық Кеңесінің» отырысы | Отырыс хаттамасы Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі Әлуметтік педагог Бекбаева С.Ж. | ІY апта |
| 7 | № 1 Алдын алу кеңесінің отырысы. Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі | Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Кеңес құрамы | ІY апта |
| | **ТАЛАП** | | | |
| 1 | Мектепішілік ережелерді таныстыру.<br>Оқушыларды, барлық мектеп ұжымын өмір қауіпсіздік ережелермен таныстыру, нұсқаулық жүргізу<br>Барлық оқушылар | Қауіпсіздік ережелер мен нұсқаулықтармен танысу құжаттары | Мектеп әкімшілігі | І апта |
| 2 | «Тоғыз айға- 9 іс-шара»<br>«Дене сергіту» челленджі<br>1-4 сыныптар<br>5-9,10 сыныптар | Видео, фото Әлеуметтік желіге жариялау | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Мухатов А.Е. | 08. 09.2023 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл» (Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл) тақырыптық көрме «Оқуға құштар мектеп» жобасы | Көрме. Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп кітапханашысы Шаяхметова Г.А. | IY апта |
| 10 | «Қарттарым асыл қазынам» мерекелік концерт | Концерт әзірлемесі Фото, видео Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО Аменова А.К. | Ауылдық әкімшіліктің кестесіне сәйкес |
| 11 | «Сен өз құқығыңды білесің бе?» дөңгелек үстел. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы 8-9,10 сыныптар | Іс-шара әзірлемесі. Әлеуметтік желіге жариялау | Тарих пән мұғалімі Бельгибаева Н.Т. | III апта |
| 12 | Қариялар мен жалғызбасты жандарға шаруашылық көмек көрсету. «Қайырымдылық» жобасы 7-9,10 сыныптар | Фото, видео Әлеуметтік желіге жариялау | «Қайырымдылық» жобасының жетекшісі | Қазан айы бойы |
| 13 | «Даналық мектебі». «Жеті атасын білген ұл. Жеті жұрттық қамын жер» «Аталар мектебі» жұмысы. 1-9,10 сыныптардың ер балалары | Іс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау | «Аталар мектебі» ААПҚ тобы | |
| 14 | «Ақындар айтысы» аудандық қорытынды ақындар айтысына қатысу | Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО Аменова А.К. | 24.10.2023. |
| | **АР- ҰЯТ** | | | |
| 1 | «Ар-ұят және жауапкершілік» сынып сағаты 5-9,10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Әлеуметтік желіге жариялау | | |
| 2 | «Дублер күні»<br>Мектеп белсенділері | Фото, видео<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Аға тәлімгер Стубаева А.У. Бекбаева С.Ж. | 05.10.2023. |
| 3 | «Ұстазым, ұлағатым үлгі-өнегем!» ұстаздарға арналған мерекелік құттықтау концерті | Мерекелік концерт әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Кәсіподақ ұйымының төрағасы Мималымов С.К.<br>ДТІЖО Аменова А.К.<br>Аға тәлімгер Сатубаева А.У. | 05.10.2023. |
| 4 | «Қоғамдық игілікке қызмет ету» сынып сағаты 8-9,10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының жоспары бойынша |
| 5 | №2 «Қамқоршылық Кеңесінің» отырысы | Отырыс хаттамасы<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі | IY апта |
| 6 | №2 Алдын алу кеңесінің отырысы. Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі | Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Кеңес құрамы | IY апта |
| 7 | «Болашағын ойлаған адам-баласын тәрбиелейді»<br>Жалпы мектепішілік және сынып ішілік ата-аналар жиналысы.<br>Ата-аналар | Хаттама<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі | IY апта |
| **ТАЛАП** | | | | |
| 1 | «Өмірге «ИӘ» деп айт!» ақпараттық науқаны 7-9,10 сыныптар | Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп психологы Шаяхметова Б.С. | I апта |
| 2 | «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» | Іс-шара әзірлемесі.<br>Хаттама. | Жауапты сынып жетекшілер: | |

## ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

| № | Іс-шараның атауы | Аяқталу түрі | Жауаптылар | Өтілу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | |
| 1 | «Менің болашақ мамандығым» жобасын қорғау.<br>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы<br>7-9,11 сыныптар | Жоба жоспары.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жоба жетекшісі<br>Шаяхметова Б.С. | I апта |
| 2 | «Терроризмнен азат әлем!», «Біз терроризмсіз әлемді қолдаймыз!» суреттерінің, плакаттарының байқауы<br>7-9, 11 сыныптар | Оқушылардың жұмыстары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мималымов С.К. | II апта |
| 3 | «Міндетті мектеп формасын киюге көзқарасыңыз» әлеуметтік сауалнама<br><br>«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы<br>Барша жұртшылық | Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі | II апта |
| 5 | 15 қараша – Ұлттық валюта күні<br>1-9,10 сыныптар | Сынып сағатының әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | 15.11.2023. |
| 6 | «Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Асық ату» челлендж<br><br>Оқушылар, ұстаздар, ата-аналар | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Денешынықтыру пәнінің мұғалімдері және секция жетекшілері<br>Мухатов А.Е. | Тоқсан бойы |
| 7 | «Төрт тоқсан-төрт өнер» сайыстар<br>ойындар<br>«Алтын сақа» (жеке жоспар бойынша) | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жоба жетекшілері | Тоқсан бойы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы | | | |
| 8 | «Ертегі – танымның көзі»*(интерактивті сабақ)*<br>«Әжелер мектебі»<br><br>1-7 сынып оқушылары | Іс-шара әзірлемесі.<br><br>Әлеуметтік желіге жариялым | «Әжелер мектебі» мүшелері<br><br>ААПҚ тобы | Қараша |
| 9 | «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» сынып сағаты<br>5-9,10 сыныптар | Сынып сағатттарының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 10 | Оқушылар арасында сауалнама<br>«Терроризмге қарсы қауіпсіздік»<br>5-10 сыныптар | Сауалнама нәтижесі | АӘТД пәнінің мұғалімі | 21.11.2023. |
| **АР- ҰЯТ** | | | | |
| 1 | «Жемқорлыққа жол жоқ» суреттер байқауы<br>«Жеткіншектің жеті жарғысы» | Әлеуметтік желіге жариялау | Мималымов С.К. | |
| 2 | «Мамандық таңдау маңызды іс» мамандық иелерімен кездесу кеші<br><br>7-9, 10 | Кездесу кештің әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | 9,11 сыныптардың сынып жетекшілері | 17.11.2023. |
| 3 | «Татулық-табыс, бақыт» медцациялық шебер сынып<br><br>1-9,10 сынып | Әзірлеме<br>Фото, видео есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Мектеп психологы Шаяхметова Б.С. | 23.11.2023. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | «Ұл ұятымен, қыз қылығымен» дөңгелек үстел<br>5-9,10 сыныптың оқушылары | Әзірлеме<br>Фото, видео есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | ДТІЖО<br>Аменова А.К. | 27.11.2023. |
| 5 | «Бала құқығын сақтау, қоғамдық міндет» сынып сағаты<br>20 қараша балалар Конвенциясы күніне орай | Әзірлеме<br>Фото, видео есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | 20.11.2023. |
| 6 | №3 Алдын алу кеңесінің отырысы. Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі | Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Кеңес құрамы | IY апта |
| **ТАЛАП** | | | | |
| 1 | «16 қараша Бүкіләлемдік төзімділік күні» әңгіме-сұхбат<br>9,10 сыныптар | Әзірлеме<br>Фото, видео есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Мектеп психологы Шаяхметова Б.С.<br>Әлеуметтік педагог<br>Бекбаева С.Ж. | 16.11.2023. |
| 2 | «Интернет пен әлеуметтік желідегі оқушы рөлі: Әлеуметтік желідегі өзін – өзі ұстау мәдениеті»<br>5-9,10 сыныптар | Әзірлеме<br>Фото, видео есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Информатика пәнінің мұғалімі Аят Жарденбек | 21.11.2023. |
| 3 | «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» сынып сағаты<br>5-9,10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | «Ата-аналарды педагогикалық қолдау»<br><br>1-4 сыныптың ата-аналары<br><br>5-8 сыныптың ата-аналары<br><br>9,10 сыныптың ата-аналары | Іс-шара әзірлемесі. Хаттама. Әлеуметтік желіге жариялау | Жауапты сынып жетекшілер: | 27-30.11 аралығында |

## ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

- 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

| № | Іс-шараның атауы | Аяқталу түрі | Жауаптылар | Өтілу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | |
| 1 | Жасөспірімдер ортасында экстремистік идеяларының таралуының алдын алу бойынша дәріс сабақ<br>1-9, 10 сыныптар | Іс-шараның әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Тарих пән мұғалімдері | І апта |
| 2 | «Көк тудың желбірегені» сынып сағаты<br>1-4 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Фото, видео есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Сынып жетекшілер | 11.12.2023. |
| 3 | «Желтоқсан желі ызғарлы...»16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған сынып сағаттары<br>5-9,10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Сынып жетекшілер | 15.12.2023 |
| 4 | «Отаншылдық және оның мәні» сынып сағаты<br>8-9,10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып жетекшілердің жоспары бойынша |
| 5 | «Менің отбасымның дәстүрі» отбасылық бейнероликтер байқауы | Бейнероликтер<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Сынып жетекшілер | 11-15.12 аралығы |
| 6 | «Бала би» шешендік өнері<br>Ерікті оқушылар | Фото есеп | Тіл мамандары | Кесте бойынша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» жадынама, ескертпелер парағы<br><br>«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы<br>1-9,10 сыныптар | Ескертпе, жадынама парақтары.<br><br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жоба жетекшісі | ІІІ апта |
| 8 | «Даналық мектебі».<br><br>**«Ағасы бардың жағасы бар»** *(дискуссия)*<br>**«Ағалар мектебі»**<br><br>4-9,10 сыныптардың ер балалары | Іс-шара әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | «Ағалар мектебі»<br>ААПҚ тобы | 22.12.2023. |
| 9 | «Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Шығарма жазу: «Болашаққа хат» челлендж<br>5-9,10 сыныптар | Челлендж<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Тіл мамандары | 13.12.2023. |
| 10 | «Төрт тоқсан-төрт өнер»<br>«Алтын сақа» Сайыстар ойындар<br><br>«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы<br>Ерікті оқушылар | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Пән мұғалімдері | Кесте бойынша |
| **АР- ҰЯТ** | | | | |
| 1 | «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»<br>Сынып сағаты<br>(психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру)<br>5-9, 10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып жетекшілердің жоспары бойынша |
| 2 | №4 Алдын алу кеңесінің отырысы. Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі | Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Кеңес құрамы | ІІІ апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | «Балаңызды жас ерекшелігін ескере отырып тәрбиелеңіз» жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы | Хаттама<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі | IY апта |
| 4 | №3 «Қамқоршылық Кеңесінің» отырысы | Отырыс хаттамасы<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі | IY апта |
| | **ТАЛАП** | | | |
| 1 | «Есірткісіз және ЖҚТБ-сыз әлем» дәріс сабақ<br>8-9,10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 2 | «Зиянды заттар зардабы» медицина қызметкерлерімен кездесу<br>5-9,10 сыныптар | Кездесу<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп медбикесі | 08.12.2023. |
| 3 | «Үнемі оқитын адам – табысты адам» дөңгелек үстел<br>«Оқуға құштар мектеп» жобасы<br>5-9 сыныптар | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Мектеп кітапханашысы | 18.12.2023 |
| 4 | «Шаңғы шақырады»<br>«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы<br>5-10 сыныптар | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Жоба жетекшілері | Апта сайын |
| 5 | «Ата-аналарды педагогикалық қолдау»<br>1-4 сыныптың ата-аналары<br>5-8 сыныптың ата-аналары<br>9,10 сыныптың ата-аналары | Іс-шара әзірлемесі.<br>Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау. | Жауапты сынып жетекшілер: | 18-22.12 аралығында |
| 6 | Қыс мезгіліндегі өмір қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Сынып сағаты<br>1-9, 10 сыныптар | Нұсқаулықтар<br>Жадынамалар | Сынып жетекшілер | Сынып жетекшілердің кестесі бойынша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | «Қош келдің жаңа жыл-2024» мерекелік ертеңгіліктер мен кештіктер<br><br>«Арман» шағын орталығы<br><br>Даярлық тобы және 1-4 сыныптар<br><br>5-9,10 сыныптар | Іс-шаралар жоспары<br>Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Жауапты мұғалімдер мен тәрбиешілер:<br><br>«Арай» шағын орталығының тәрбиешілері Аменова А.К.<br>Аға тәлімгер | ІҮ апта |
| 8 | Қысқы демалыс жұмысының жоспарын құру таныстыру. | Жоспар | ДТІЖО Аменова А.К. | Жоспар бойынша |
| 9 | Қысқы демалыс уақытындағы оқушылардың өмір қауіпсіздік ержелерімен таныстыру | Ережелер мен нұсқаулықтар<br>Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО Аменова А.К. | ІҮ апта |
| 10 | Сынып жетекшілер ӘБ отырысын өткізу | Отырыс хаттамасы<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер ӘБ жетекшісі<br>Тологон Зоя | ІҮ апта |

## ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

- Қысқы демалыс

| № | Іс-шараның атауы | Аяқталу түрі | Жауаптылар | Өтілу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | |
| 1 | Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, буллинг, кибербуллингтің алдын алу бойынша сынып сағаты<br>5-9,10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып жетекшілердің кестесі бойынша |
| 2 | «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» сынып сағаты<br>1-9,10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Сынып жетекшілер | Сынып жетекшілердің кестесі бойынша |
| 3 | «Біздің қоғамдағы әділеттілік» сынып сағаты<br>9,10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 4 | «Тоғыз айға- 9 іс-шара»<br>«Қазақ есебі» челлендж<br>Барлық оқушылар | Челлендж<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Математика пәнінің мұғалімдері | 26.01.2024. |
| 5 | «Төрт тоқсан-төрт өнер»<br>«Ұлттық өнер» ( жеке жоспар бойынша)<br>Оқушылар, ұстаздар, ата-аналар | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Көркем еңбек және музыка пәнінің мұғалімдері<br>Үйірме жетекшілері | Кесте бойынша |
| 6 | «Даналық мектебі».<br>**«Қыз ғұмырдың құпиялары»** *(ашық әңгіме)*<br>**«Жеңгелер мектебі»**<br>7-9, 10 сынып қыздары | Іс-шара әзірлемесі.<br>Әлеуметтік желіге жариялым | «Жеңгелер мектебі» мүшелері<br>ААПҚ тобы | 26.01.2024 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **АР- ҰЯТ** | | | | |
| 1 | «Қайырымдылық» акциясы<br>«Қайырымдылық» жобасы<br>Қайырымдылықты қажет етушілер. | Фото есеп | «Қайырымдылық» жобасының жетекшісі | Кесте бойынша |
| 2 | «Менің болашақ мамандығым» жобасын қорғау.<br>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы<br>7-9,10 сыныптар | Жоба жоспары.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жоба жетекшісі<br>Шаяхметова Б.С. | II апта |
| 3 | «12 қаңтар Д.А. Қонаевтың туған күні» танымдық сабақ<br>5-9,10 сыныптар | Танымдық сабақтың әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Тарих пәнінің мұғалімі | 12.01.2024 |
| 4 | №5 Алдын алу кеңесінің отырысы. Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі | Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Кеңес құрамы | IY апта |
| **ТАЛАП** | | | | |
| 1 | Қысқы демалыс кезінде іс-шаралар ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша) | Іс-шаралар әзірлемелері<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жауапты мұғалімдер | 29-05.01 аралығында |
| 2 | «Өмір қымбатсың маған» психологиялық дәріс<br>5-9,10- сыныптар | Психологиялық дәріс жоспары<br>Әлеметтік желіге жариялау | Мектеп психологы<br>Шаяхметова Б.С. | II апта |
| 3 | «Мен оқыған бір ертегі» ертегі мазмұндау<br>«Оқуға құштар мектеп» жобасы<br>1-4 сыныптар | Фото, видео<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп кітапханашысы<br>Шаяхметова Г.А. | IY апта |
| 4 | «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық, әкімшілік жауапкершілігі» Сұхбат дәріс өткізу<br>1-9,10 сыныптар | Кездесуден фото, видео<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br>Әлеумекттік педагог<br>Мектеп психологы | Алдын-алу кеңесінің құрамы |

## АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

| № | Іс-шараның атауы | Аяқталу түрі | Жауаптылар | Өтілу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | «Мың бір мақал-жүз бір жұмбақ» сайысы («Балалар кітапханасы») жобасы 2-4 сыныптар | Сайыстың әзірлемесі Фото, видео есеп Әлеуметтік желіге жариялым | Мектеп кітапханашысы | 02.02.2024. |
| 2 | Жасөспірімдер арасындағы буллингті, қылмысты, зорлық-зомбылықты анықтау мақсатында сауалнама жүргізу.<br><br>«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы 5-9,10 сыныптар | Сауалнама қорытындысы Әлеуметтік желіге жариялау | Шаяхметова Б.С. | І апта |
| 3 | «Поэзия менімен егіз бе еді...?!»Қазақтың ұлы ақыны М.Мақатаевтың туған күніне орай әдеби-сазды кеш «Оқуға құштар мектеп» жобасы | Кештің әзірлемесі Фото, видео есеп Әлеуметтің желіге жариялым | Қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі | 09.02.2024. |
| 4 | «Ауған асуында от кешкендер» кездесу 5-9,10 сыныптар | Кездесудің әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау | АӘТД пәнінің мұғалімі Тарих пәнінің мұғалімі | 13.02.2024. |
| 5 | «Егер мен президент болсам...» эссе жазу байқауы. | Эссе. Әлеуметтік желіге жариялау | Тіл мамандары | ІҮ апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | «Адалдық сағаты» сынып сағаты<br>1-9,10 сыныптар | Сынып сағатының әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Сынып жетекшілер | 09.01.2024. |
| 6 | «Ерте жүктіліктің салдары» әңгіме<br>7-9,10 сыныптардың қыздары | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп медбикесі | ІІІ апта |
| 7 | Қысқы спорт ойындарынан жарыс ұйымдастыру | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Денешынықтыру пәнінің мұғалімдері | Апта сайын |
| 8 | «Ата-аналарды педагогикалық  қолдау»<br><br>1-4 сыныптың ата-аналары<br><br>5-8 сыныптың ата-аналары<br><br>9,10 сыныптың ата-аналары | Іс-шара әзірлемесі.<br>Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жауапты сынып жетекшілер: | **22-26.01** аралығында |
| 8 | «Біз терроризмге қарсымыз!», «Менің Отаным - Қазақстан» шығармалар конкурсы<br>8-9,10 сыныптар | Оқушылардың жұмыстары<br><br>Әлеуметтік желіге жариялау | Тіл мұғалімдері | ІҮ апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы<br>8-9,10 сыныптар | | | |
| 6 | «Тоғыз айға- 9 іс-шара»<br>«Оқуға құштар мектеп» челлендж<br>Барлық оқушылар | Челлендж<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп кітапханашысы | 28.02.2024. |
| 7 | «Төрт тоқсан-төрт өнер»<br>«Ұлттық өнер» ( жеке жоспар бойынша)<br>Оқушылар, ұстаздар, ата-аналар | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Көркем еңбек және музыка пәнінің мұғалімдері<br>Үйірме жетекшілері | Кесте бойынша |
| 8 | «Даналық мектебі».<br>**«Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет»** *(шебер сабақ)*<br>**«Аталар мектебі»**<br><br>1-9,10 сынып оқушылары | Іс-шара әзірлемесі.<br><br>Әлеуметтік желіге жариялым | «Аталар мектебі» мүшелері<br><br>ААПҚ тобы | 23.02.2024. |
| | **АР- ҰЯТ** | | | |
| 1 | «Іс-әрекеттегі мейірімділік» сынып сағаты<br>4-9 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 2 | «Мен киббербуллинге қарсымын. Буллингті бірге тоқтатайық! сыныптан тыс іс-шара<br>5-9,10 сыныптар | Іс-шара әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Әлеуметтік педагог Бекбаева С.Ж. | 16.02.2024. |
| 3 | №6 Алдын алу кеңесінің отырысы. Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі | Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Кеңес құрамы | IY апта |
| | **ТАЛАП** | | | |
| 1 | «Жол ережелерін білейік, аман-есеп жүрейік!» сайысы<br>«Жас жол сақшылары» тобы<br>5-8 сыныптар | Фото, видео<br>Әлеуметтік желілерде жариялау | «Жас жол сақшылары» ұйымының жетекшісі | II апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету сынып сағаты<br><br>Кибербуллинг туралы ескерту<br>1-9,10 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 3 | «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі» сынып сағаты<br>1-9,11 сыныптар | Сынып сағатының жоспары<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 4 | «Ата-аналарды педагогикалық қолдау»<br><br>1-4 сыныптың ата-аналары<br><br>5-8 сыныптың ата-аналары<br><br>9,10 сыныптың ата-аналары | Іс-шара әзірлемесі.<br>Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жауапты сынып жетекшілер: | **19-23.02 аралығында** |

## НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

| № | Іс-шараның атауы | Аяқталу түрі | Жауаптылар | Өтілу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | |
| 1 | «Ал, қанекей әжелер…» сайыс<br>Әжелер, 5-9 сыныптардың немере қыздары | Сайыстың әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО Аменова А.К.<br>Аға тәлімгер | 05.03.2024. |
| 2 | **«Ырым-тыйым – әдептілік негізі»**<br>*(дөңгелек үстел)*<br>**«Әжелер мектебі»**<br>1-9, 10 сынып оқушылары | Іс-шара әзірлемесі.<br>Әлеуметтік желіге жариялым | «Әжелер мектебі» мүшелері<br>ААПҚ тобы | 13.03.2024 |
| 3 | «Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Домбырашылар» челлендж | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Музыка пәнінің мұғалімі<br>ДТІЖО | 15.03.2024. |
| 4 | «Ұлттық тағамдар жәрмеңкесі»<br>Оқушылар, ата-аналар | Фото, видео есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялау | «Әжелер», «Аналар» мектебі | 19.03.2024. |
| 5 | «Қош келдің, әз-Наурыз» мейрамын мерекелеу<br>«Арай» шағын орталық<br>Мектепалды даярлық сыныбы<br>1-9,10сыныптар | Мерекелік іс-шараның әзірлемесі<br>Фото, видео есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жауапты мұғалімдер:<br>Шағын орталықтың тәрбиешілері<br>Мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі | 19.03.2024.<br>20.03.2024. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | «Аламан» ұлттық ойындар бәйгесі<br>«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы<br><br>Ерікті қатысушылар | Фото, видео<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Пән мұғалімдер | 22 наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай |
| 7 | «Төрт тоқсан-төрт өнер»<br>«Ұлттық өнер» қорытынды | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Көркем өнер және музыка пәнінің мұғалімдері<br>Үйірме жетекшілері | Кесте бойынша |
| **АР- ҰЯТ** | | | | |
| 1 | 1 наурыз алғыс айту күніне орай іс-шаралар ұйымдастыру(Жеке жоспар бойынша) | Фото, видео есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жауапты мұғалімдер | Кесте бойынша |
| 2 | «Ару қыз, аяулы ана, асыл әже» мерекелік концерт. | Концерттің әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жауапты мұғалімдер<br>Шағын орталықтың тәрбиешілері | 06.03.2024 |
| 3 | «Мамандықтар әлемінде» шағын жоба қорғау<br>7-9,10 сыныптар | Әлеуметтік желіге жариялау | Кәсіби бағдар жетекшісі<br>Мектеп психологы<br>Әлеуметтік педагог | 13.03.2024. |
| 4 | «Отбасындағы зорлық-зомбылық түрлері, ата-аналардың жауапкершілігі» жалпы мектеп ішілік ата-аналар жиналысы | Жиналыстың хаттамасы<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі | 18.03.2024. |
| 5 | №4 «Қамқоршылық Кеңесінің» отырысы | Отырыс хаттамасы<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі | IY апта |
| 6 | №7 Алдын алу кеңесінің отырысы. Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі | Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Кеңес құрамы | IY апта |
| **ТАЛАП** | | | | |

## СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

- 12 сәуір - Ғылым күні

| № | Іс-шараның атауы | Аяқталу түрі | Жауаптылар | Өтілу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | «Құқықтық мәдениет және оның маңызы» сынып сағаты<br>5-9,10 сыныптар | Сынып сағатының әзірлемесі.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жееткшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 2 | «12 сәуір ғарышкерлер және Ғылым күні» сыныптан тыс шара<br>1-9,10 сыныптар | Іс-шараның әзірлемесі.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Аға тәлімгер | 12.04.2024. |
| 3 | «Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Шахмат ойнау» челлендж | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Денешынықтыру пәнінің мұғалімдеріҮйірме жетекшілері | 12.04.2024. |
| 4 | «Әлемде балалар құқығы қорғалған ба және қауіпсіз бе?» ашық әңгіме<br><br>«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы<br>9,10 сыныптар | Іс-шара әзірлемесі.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Тарих пән мұғалімдері | ІІІ апта |
| 5 | «Төрт тоқсан-төрт өнер»<br>«Туған өлкем» | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Тарих және география пәнінің мұғалімдері | Кесте бойынша |
| 6 | **«Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі»**<br>*(кездесу кеш)*<br>**«Ағалар мектебі»**<br><br>5-9,10 сынып ер балалары | Іс-шара әзірлемесі.<br><br>Әлеуметтік желіге жариялым | «Ағалар мектебі» мүшелері<br><br>ААПҚ тобы | 19.04.2024. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Кибер қауіпсіздік туралы ақпараттық жадынама таратпалар. Барлық оқушыларға | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Информатика пәнінің мұғалімі | II апта |
| 2 | Сынып жетекшілер ӘБ отырысын өткізу | Отырыс хаттамасы<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер ӘБ жетекшісі Тологон Зоя | IY апта |
| 3 | «Ата-аналарды педагогикалық  қолдау»<br>1-4 сыныптың ата-аналары<br><br>5-8 сыныптың ата-аналары<br><br>9,10 сыныптың ата-аналары | Іс-шара әзірлемесі.<br>Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жауапты сынып жетекшілер: | **11-15.03 аралығында** |
| 4 | «Көктем мезгіліндегі өмір қауіпсіздік ережелері» Сынып сағаты<br>1-9,10  сыныптар | Нұсқаулықтар<br>Жадынамалар | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 5 | Көктемгі демалыс кезінде іс-шаралар ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша) | Іс-шаралар әзірлемелері<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жауапты мұғалімдер | 21-31.03 аралығында |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | «Табысты тұлға құпиясы»<br>жеке кәсіпкермен кездесу<br>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы<br>5-9,10 сыныптар | Іс-шара әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Жоба жетекшісі | ІІІ апта |
| 8 | 1 мамыр халықтар бірлігі күніне орай Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар ұйымына қабылдау салтанаты.<br><br>Мектеп белсенділері<br>Оқу озаттары | Іс-шараның әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Аға тәлімгер | 30.04.2024. |
| | **АР- ҰЯТ** | | | |
| 1 | «Бәс тігу және құмар ойыны ғасыр дерті» сынып сағаты<br>5-9,10 сыныптар | Сынып сағатының әзірлемесі.<br>Әлеуметтің желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 2 | «Мемлекеттің басты байлығы-АДАМ» адам саудасының алдын алу бойынша сынып сағаты<br>5-9,10 сыныптар | Сынып сағатының әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 3 | «Біздің қоғамдағы адамгершілік жауапкершілігіміз» сынып сағаты<br>5-9,10 сыныптар | Сынып сағатының әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 4 | №8 Алдын алу кеңесінің отырысы. Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі | Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Кеңес құрамы | ІҮ апта |

## МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

| № | Іс-шараның атауы | Аяқталу түрі | Жауаптылар | Өтілу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | |
| 1 | Патриоттық саптық әндер байқауын ұйымдастыру<br>1-9,10 сыныптар | Әлеуметтік желіге жариялау | АӘТД пәнінің мұғалімі<br><br>ДТІЖО Аменова А.К. | 03.05.2024. |
| 2 | «Жас сарбаз» әскери-спорттық ойын<br>5-9,10 сыныптар | Іс-шара әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | АӘТД пәнінің мұғалімі Байшураев С.Р. | 06.05.2024. |
| 3 | «Біз бейбітшілікті сақтаймыз!» сынып сағаты<br>1-9,10 сыныптар | Сынып сағатының әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | Сынып сағатының кестесі бойынша |
| 4 | «Ерлікке тағзым» Ұлы Отан соғысының майдангерлеріне арналған ескерткіш монументтерге гүл шоғын қою. | Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі<br>Ауыл әкімшілігі | 09.05.2024. |
| 5 | Балаларды қорлау мен қорқыту бойынша әлеуметтік эксперимент жүргізу<br><br>«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы<br>«Ұшқын» өзін-өзі басқару ұйымы | Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер | II апта |
| 6 | «Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Жасыл мекен» челлендж | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Мектеп әкімшілігі | 12.05.2024. |
| 7 | **«Мұны қыздар білуге тиіс...»** *(дөңгелек үстел)*<br>**«Жеңгелер мектебі»**<br><br>7-9, 10 сынып қыздары | Іс-шара әзірлемесі.<br><br>Әлеуметтік желіге жариялым | «Жеңгелер мектебі» мүшелері<br><br>ААПҚ тобы | 15.05.2024. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | «Менің жасыл мектебім»<br>Көшет отырғызу.<br>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы<br>5-9,10 сыныптар | Фото, видео.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | | III апта |
| 9 | «Сыңғырла, соңғы қоңырау!»<br>Салтанатты жиын<br>1-9,10 сыныптар | Іс-шара әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО Аменова А.К.<br>Аға тәлімгер Сатубаева А.У.<br>1,11 сыныптардың жетекшілері | 25.05.2024. |
| 10 | 31-мамыр репрессия құрбандарын еске алу күні. | Ақпараттық видео<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Тарих пәнінің мұғалімі | 31.05.2024. |
| 11 | «Төрт тоқсан-төрт өнер»<br>«Туған өлкем» қорытынды | Фото есеп<br>Әлеуметтік желіге жариялым | Тарих және география пәнінің мұғалімдері | Кесте бойынша |
| | **АР- ҰЯТ** | | | |
| 1 | «Кел, сырласайық...» қыздар арасындағы дөңгелек үстел.<br>5-9,10 сыныптың қыздары | Дөңгелек үстел әзірлемесі<br>Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО Аменова А.К. | 15.05.2024. |
| 2 | «Жазғы демалыс уақытындағы балалардың өмір қауіпсіздігі, тынығу тоқсаны» жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы | Жиналыстың хаттамасы<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі | 17.05.2024. |
| 3 | №5 «Қамқоршылық Кеңесінің» отырысы | Отырыс хаттамасы<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі | IY апта |
| 4 | №9 Алдын алу кеңесінің қортынды отырысы.<br>Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі | Хаттама.<br>Әлеуметтік желіге жариялау | Кеңес құрамы | IY апта |
| | **ТАЛАП** | | | |

## МАУСЫМ АЙЫ

| № | Іс-шараның атауы | Аяқталу түрі | Жауаптылар | Өтілу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Біз бақытты баламыз»1-маусым балаларды қорғау күніне орай мерекелік концерт | Іс-шара әзірлемесі. Әлеуметтік желіге жариялау | Аға тәлімгер Сатубаева А.У. ДТІЖО Аменова А.К. Бастауыш сынып, мектепалды даярлық сыныбының мұғалімдері. | 01.06.2024. |
| 2 | «Балдәурен» жазғы балалар алаңының ашылуы | Іс-шара әзірлемесі. Әлеуметтік желіге жариялау | Аға тәлімгер ДТІЖО Бастауыш сынып, мектепалды даярлық сыныбының мұғалімдері. | 01.06.2024. |
| 3 | «4 маусым –ҚР рәміздері күні» жеке жоспар бойынша | Іс-шара жоспары. Әлеуметтік желіге жариялау | Жазғы мектеп алаңының тәрбиеші жетекшілері | 04.06.2024. |
| 4 | Мектеп бітіру кеші 9,11 сыныптар | Кеш әзірлемелері. Әлеуметтік желіге жариялау | 9,11 сыныптардың жетекшілері. Аменова А.К. Сынып жетекшілер | Кесте бойынша |